

Заңнамалық кесімдерге сәйкес құқық қорғау органдарының функцияларын жүзеге асыратын, атыс қаруын алып жүру, сақтау және пайдалану құқығы берілген кеден органдары лауазымды адамдарының санаттарын және кеден органдарының лауазымды адамдары қолданатын атыс қаруы мен оқ-дәрілер және арнаулы құралдар түрлерінің тізбелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 22 қаңтардағы N 65 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 2 қазандағы № 1014 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2010.10.02 № 1014 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексінің 519, 520-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

- 1) заңнамалық кесімдерге сәйкес құқық қорғау органдарының функцияларын жүзеге асыратын, атыс қаруын алып жүру, сақтау және пайдалану құқығы берілген кеден органдары лауазымды адамдарының санаттары; Қараңыз.К100296
- 2) атыс қаруы мен оқ-дәрілер түрлерінің тізбесі; Қараңыз.К100296
- 3) кеден органдарының лауазымды адамдары қолданатын арнаулы құралдардың тізбесі бекітілсін. Қараңыз.К100296

2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 сәуірдегі N 333-21қ қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 22 қаңтардағы

N 65 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 5 сәуірдегі Кеден кодексінің 24-бабының 1-тармағының 5), 6), 13), 14), 15) және 18) тармақшаларына сәйкес құқық қорғау функцияларын жүзеге асыратын, атыс қаруын алып жүру,

**сақтау және қолдану құқығы берілген кеден органдары лауазымды
адамдарының санаттары**

1. Төраға, оның кеден органдарының құқық қорғаушылық қызметі мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары.

2. С-КБА-1 Орталық аппарат департаментінің бастығы.

3. С-КБА-2 Орталық аппараттың департаменті бастығының орынбасары. Бастық: облыстың, Астана және Алматы қалалары аумақтық органының; к е д е н н і ң .

4. С-КБА-3 Бастықтың орынбасары: облыс, Астана және Алматы қалалары аумақтық органының; кеденнің. Орталық аппарат басқармасының бастығы.

5. С-КБА-4 Орталық аппараттың басқарма бастығының орынбасары. Облыс, Астана және Алматы қалалары аумақтық органының құрамындағы басқарма бастығы. Кеден бекетінің бастығы.

6. С-КБА-5 Облыс, Астана және Алматы қалалары аумақтық органының құрамындағы басқарма бастығының орынбасары. Кеден бекеті бастығының о р ы н б а с а р ы .

7. С-КБА-6 Орталық аппараттың бөлім бастығы.

8. С-КБА-7 Бөлім бастығы: облыс, Астана және Алматы қалалары аумақтық о р г а н ы н ы ң ; к е д е н н і ң .

9. С-КБА-8 Орталық аппараттың бас инспекторы.

10. С-КБА-9 Бөлім бастығының орынбасары: облыс, Астана және Алматы қалалары аумақтық органының; кеденнің.

11. С-КБА-10 Орталық аппараттың жетекші инспекторы. Бас инспектор: облыс, Астана және Алматы қалалары аумақтық органының; кеденнің.

12. С-КБА-11 Аға инспектор: облыс, Астана және Алматы қалалары аумақтық о р г а н ы н ы ң ; к е д е н н і ң .

13. С-КБА-12 Инспектор: облыс, Астана және Алматы қалалары аумақтық о р г а н ы н ы ң ; к е д е н н і ң .

14. С-КБА-13 Кіші инспектор: облыс, Астана және Алматы қалалары аумақтық органының; кеденнің.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғы 2 2 қ а ң т а р д а ғы

№ 6 5 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Атыс қаруы мен оқ-дәрілер түрлерінің тізбесі

1. Атыс қаруының түрлері:

- 1) "Байкал 442", "Макаров ПМ-9 тапаншасы" 9 мм тапаншалары;
- 2) "ИЖ-81, Mosberg" 12 калибрлі тегіс ұңғылы мылтықтар;
2-1) 9 мм РСА ТКБ-0216 Кобальт бұйымы револьвері.

2. Оқ-дәрілердің түрлері:

- 1) тапаншаларға 9 мм оқ-дәрілер;
- 2) тегіс ұңғылы мылтықтарға 12 калибрлі оқ-дәрілер.

Ескерту. Тізбеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.04.22. N 383 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 22 қаңтардағы

N 65 қаулысымен

бекітілген

Кеден органдарының лауазымды адамдары қолданатын арнаулы құралдардың тізбесі

1. Арнаулы құралдар:

- 1) оқ өткізбейтін кеудешелер;
- 2) "БР-С бұйым" қол кісендері;
- 3) арнаулы резеңке таяқтары;
- 4) көк және сары түсті сәулелі шамшырақтар;
- 5) қозғалысты реттеуге арналған таяқшалар мен көлік құралдарын тоқтатуға арналған қызыл жарық шағылыстырғышы бар дискілер;
- 6) үй-жайларды ашуға арналған кондырғылар;
- 7) "ЕЖ", "ШИП" үлгісіндегі көлікті мәжбүрлеп тоқтатуға арналған қондырғылар;
- 8) жедел радиобайланыс құралдары;
- 9) GPS "Магеллан" үлгісіндегі спутниктік қадағалау құралдары;
- 10) "Черемуха" үлгісіндегі көзден жас ағызатын заттар (газдар).